




Сайлауда белсенді болуға шақырды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 шілде күні өтетін ауыл әкімдерін тікелей сайлау науқанында дауыс берушілерді белсенді болуға шақырды. Ол бұл туралы Twitter-де жазды.

«25 шілде күні Қазақстанда алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтеді. Бұл оқиға саяси жаңғырудың жаңа кезеңін білдіреді. Сайлаушыларды белсенді дауыс беруге шақырамын. Халықтың мүддесі үшін барлық қажетті өзгерістерді жүзеге асыру керек», – деп жазды Президент.

Антиваксерлер неден адасады?

Вакцинаға қарсы адамдар өзімен қоса өзгелерді де жаңылыстырып жүргені туралы жиі айтылады. Сонымен бірге билік тарапынан антиваксерлердің байламдарын дәйекті түрде жоққа шығару жағы кемшін соғуда. Салдарынан елімізде екпеге қарсы адамдар саны күрт өсіп кетті. Осы орайда біз антиваксерлер айтып жүрген «дәлелдемелердің» түп-төркініне үңіліп, шын-өтірігін айқындауға талапталдық.



ВАКЦИНА ЖОҚТА ТІЛЕДІК, ТАБЫЛҒАНДА ТЕРІС АЙНАЛДЫК

Адамдардың көңіл күйі қысқа күнде қырық құбылуы мүмкін. Сол сияқты қоғамдық пікір де жиі өзгереді. Өткен жылдың ортасына қарай жаһандық пандемия жағадан алып, жанды қатты қысқанда, коронавирус пен КВИ белгісі бар пандемиядан адамдар көптеп өле бастағанда, бейіттерде көр қазу көбейгенде елдің үрейі ұшты. Осы кезде арзан бедел жинауға ұмтылған блогерлер: «Бұл індеттен құтқарар вакцина табылды!» деп жар салды. Жұрт жалған ақпаратты жаппай таратып, бір-бірінен сүйінші сұрап

жатты. Бірақ ол кезде ДДСҰ COVID-19 дертіне қарсы бір-бір вакцинаны тіркемеген болатын.

Қазір Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зерттеудің барлық кезеңдерінен өткен Pfizer/BioNTech, Moderna, Johnson & Johnson, AstraZeneca, қытайлық Sinovac (CoronaVac) және Sinopharm препараттарын мақұлдады. Соңғы екеуі бірнеше ай бойы Қазақстанда қолданылды. Бұл ретте КХР-дың Sinopharm компаниясы жасаған, бірақ БАӘ-де Nuvat-Vax сауда атауымен өндірілген вакцинасы қолданылды. Міне, дайын вакцина бар, оны мемлекет халыққа қамқорлығы ретінде тегін салып

жатыр. Ендеше халық неге тегіс егілмейді? Былтыр жоқ вакцинаға жүрегі жарыла қуанған жұртшылық быыл қолда бар вакцинадан неге теріс айналды?

Расында, көптеген қазақстандық КВИ-ге қарсы вакцинаны салғызығы келмейді және соған міндеттеуге түбегейлі қарсы. Себебі неде? Осындай адамдардың пікірін біліп, дәйектемелеріне құлақ түрдік. Бұл жерде кез келген вакцинаға қарсы адамдардың уағызды қызу жүргізіп жатқанын жасыруға болмайды. Қоғамның бір бөлігі үшін солардың сөзі өтімді, дәйегі нанымды.

(Жалғасы 5-бетте)

Келешек кілті – жастарда

Жастар – мемлекеттің болашағы. Жастар – еліміздің іргесі. Оларға қандай қолдау көрсетсек те, артық болмайды. Әсіресе, Үкіметтің қолдауы керек. Бүгінде жастарға арналған бағдарламалар мен жобалар жоқ емес, бар. Сонымен қатар жастардың басты мәселесі – баспана. Осы және басқа да мәселелер жөнінде облыс әкімдігі жанындағы Жастар ісі жөнінде кеңестің отырысы өтті. Кеңеске қала әкімдері мен қалалық жастар ресурстық орталықтарының жетекшілері қатысты.



БАСПАНАҒА ЗӘРУ ЖАСТАР КӨП...

Отырыста күн тәртібіндегі жастарды тұрғын қамтамасыз ету шаралары жайлы мәселе көтерілді. Сонымен қатар облыстық жастар ресурстық орталықтарының қызметі туралы да айтылды. 1 шілдедегі деректерге сүйенсек, облыста үй кезегінде тұрған түрлі санаттағы жастардың саны

8 мыңнан асады. Олардың дені – Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Абай, Осакаров аудандарында. Кейінгі үш жылдың ішінде әлеуметтік осал топтардағы 559 жас баспаналы болды. Биыл облыста әлеуметтік әлсіз топтағы азаматтарға 1 099 жалдамалы пәтер, үй кезегінде тұрғандарға 478 несиелік тұрғын үй пайдалануға берілмек.

– Атаулы көмекке мұқтаж жандардың ішінде жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған жастарды жеке қарастыруға жөн. Осы санатта облыс бойынша кезекте тұрғандардың жалпы саны – 7 118. Олардың негізгі бөлігі – Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Шахтинск қалалары мен Осакаров ауданында.

(Жалғасы 7-бетте)

Токио Олимпиадасында кімдерге үміт артамыз?



Жапония астанасы Токиода XXXII жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ең өкініштісі, бұл сәтті жанкүйерлер алаңда отырып көре алмады. Телекөрсетімдер ту алып шығу сәтін, оташу және ашылу салтанатының өзге де бағдарламаларын теледидардан тамашалады.

8 >>

Жол сапасын жақсарту – маңызды міндет



Мемлекет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың есебін тыңдады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысы мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің биылғы жартыжылдықтағы жұмыстарының негізгі бағыттары туралы баяндалды.

Министр Бейбіт Атамқұлов өңдеу өнеркәсібінің дамуы жөнінде егжей-тегжейлі есеп берді. Оның айтуынша, жыл басынан бергі өсім көрсеткіші 5,6 пайызға, соның ішінде, фармацевтика 31 пайызға, машина жасау саласы 22 пайызға, химия 2,8 пайызға және металлургия 0,8 пайызға артқан.

Бұдан бөлек жыл соңына дейін қасымша 126-дан астам жоба іске қосылады. Бұл жобаларға 1,1 триллион тенге көлемінде инвестиция салынған.

Мемлекет басшысына «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жыл басынан бері ұзындығы 2,2 мың шақырым автомобиль жолдары пайдалануға берілгені жөнінде баяндалды. Транзиттік жүк тасымалы артып келеді, соның ішінде Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша бұл көрсеткіш 59 пайызға өскен.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бүгінде 6,6 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 17 миллион шаршы метрге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Әңгімелесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ведомство жұмысының негізгі бағыттары бойынша тапсырма берді. Мемлекет басшысы жергілікті қатынас жолдарын дамыту және қайта жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысын маңызды міндеттер ретінде атап өтті.

Дельта вирус дендеп барады

Ауыр індетке шалдыққандар саны анағұрлым артып, аурухана төсегіне таңылғандар күн санап көбейіп барады. Дәрігерлер дельта штамның алдыңғы вирусқа қарағанда бірнеше есе қауіпті екенін айтып дабыл қағады. Үкімет қауіпсіздікті сақтап, карантин талаптарын барынша орындауға шақырады. Өкінішке қарай індет дендеп кетпесін десек те, дельта штамы елдің барлық аймағына таралып үлгерді. Білдірмей келетін бұл ауруды жұқтыру қаупі де жоғары.

Соңғы күндері Алматыдағы ауруханаларға бір тәулікте 400-ден астам адам жатқызылады екен. Бұрын тәулігіне 1 000-ға жуық адам ауру жұқтырса, соңғы айда ауыр індеттен ауырғандар төрт есе өсті. Шілде айының басынан бері жансақтау бөліміндегі науқастар саны үш есе, үй жағдайында емделіп жатқандар алты есе артып отыр.

Елімізде «үнді» штамы туралы алғаш мәлімет өткен айда белгілі болды. Бір айдың өзінде бүкіл елге таралған ауыр індетпен алғаш болып ауырған әйелде бірінші буын мен іштің ауырсынуы сезілген. Келесі күні есту қабілеті нашарлап, басы ауыра бастапты. Тамағы ауырып, дене қызуы бірден көтерілген. Дельта штамы адамның жасушаларына тез еніп, антиденелерге өте төзімді болады. Бұдан бөлек, коронавирустың жаңа түрі агрессивті түрімен ерекшеленеді. Ауруды жұқтырушылар алғашқы күндері ауруға шалдыққандарына күдіктенбеуі



мүмкін. Өйткені мутацияланған КВИ жұқтырушылардың көбісі асқазан мен іштің өтуіне шағымданады. Жұқпалы ауру басқа

вирустық инфекцияларға қарағанда өкпеге өте көп зақым келтіреді.

(Жалғасы 5-бетте)

Резервтік қызмет армияға не береді?

Қазақстан әскери резерв қызметіне түбегейлі өзгеріс енгізуге бекінді. Шілденің ортасында «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталына жарияланған құжаттан соны ұқтық. Шамасы, көрші-қолаңмен қанша татумыз дегенмен де қуатты армия ұстап, ел басына күн туа қалса, сапқа тұрар ерлердің санын кемітпеуді атқамінерлер жан-жақты ойластырған сыңайлы.

6 >>



Ауыл халқының табысы азайды

Қазір елімізде ауыл шаруашылығы саласындағы табыс орташа айлықтың жартысына да жетпейді екен. Қымбатшылық қысып, агросектордың «тамырына қан жүгірмей» тұрған кезде бұл мәселе де жығылған үстіне жұдырық болып отыр.

6 >>



Әскери институт курсанты жараланды

Алматыдағы Құрлық әскерлері Әскери институтының курсанты сабақ кезінде жараланады. Бұл ақпаратты Қорғаныс министрінің баспасөз қызметі растады.

«Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде тарап жатқан ақпаратқа байланысты Қорғаныс министрілігі хабарлайды. 2021 жылғы 20 шілдеде Құрлық әскерлерінің Әскери институтында диверсияға қарсы қауіпсіздік сабақтары барысында курсанттардың бірі қаруды қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын бұзу

себебінен автоматтан оқ атылды. Оқ басқа курсанттың аяғына тиген» делінген Қорғаныс министрілігінің хабарламасында.

Ведомство мәліметінше, зардап шегуші жедел түрде Алматы қаласының әскери клиникалық госпиталіне жеткізілген. Онда оған медициналық көмек көрсетіліп жатыр.

«Курсанттың денсаулығына ешқандай қауіп жоқ. Ата-анасына хабарланды. Қазір факт бойынша тексеру жүргізіліп жатыр» делінген хабарламада.

М.БАҚЫТЖАН



Дәрігерлер жәрдемақысын иемденгендер сотталды

Жамбыл облысы Жуалы ауданының аурухана басшылығы коронавируспен күрескені үшін 22 медицина қызметкеріне бөлінген 2 миллион 711 мың теңге жәрдемақыны иемденгені үшін сотталды. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Агенттіктің хабарлауынша, Жуалы аудандық орталық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Байтөреев пен әкімшілік бөлімінің бастығы Оманов төрт жылға бас бостандығынан айырылды. Аурухананың кассир-есепшісі де 3 жыл 6 айға сотталды.

«Байтөреевке әкімшілік бөлімінің бастығы Х.Оманов пен кассир-бухгалтер Е.Мырзалеваның қатысуымен алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы заңсыз ақша иемденді деген күдік келтірілді. Олар осы аурухананың 22 қызметкеріне тиесілі, эпи-

демиологиялық шараларға қатысқаны үшін төленген 2 миллион 711 мың теңге болатын қаржыны иемденген» делінген хабарламада.

Айта кетейік, 1 қазаннан бастап коронавируспен күресте эпидемияға қарсы шараларға қатысатын медицина саласы қызметкерлеріне жәрдемақы беру тоқтатылады.

Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ



Қуаңшылықтан қысылғандарға КӨМЕК ТОЛЫҚ ЖЕТТІ МЕ?

Қуаңшылықтың салдары мен зардабы әлі де сөйілген жоқ. Жұт болды дегеннен Маңғыстау мен Аралға мал азығын жөнелтіп, көмек көрсеткен көп адам табылды. Ал ол жемшөптің халыққа әділ таратылғаны қажет. Яғни, «қолдан келсе, қонышынан басар» алыпсатарлар елге келген шөпті орта жолдан иемденіп, қымбат бағаға сатуы мүмкін. Мұндай келеңсіз жайттың көбіне беті ашылмай, тұшымды деректер де таба алмайтынымыз рас.

Мадияр ТӨЛЕУ

БАҒА БАҚЫЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ
Әуелде маусым айының соңында Маңғыстау өңіріне шөп жеткізіле бастағанда жергілікті тұрғындар сол мал азығының дұрыс таратылып, ортаға делдалдар түсіп кетпейтініне күмән барын жасырмаған болатын. Жуырда әлеуметтік желіде халыққа деп алып келген шөпті «қымбат көлік мінген байлар тасып жатқаны» жайлы бейнежазба таралды. Дегенмен жұт малы көпті де, малы азды да аямағанын білеміз. Сондықтан әркімнің көмектен алар үлесі бары анық. Әйтсе де, бұл жерде алып-



сатарлардың үлесі болмағаны жөн. Маңғыстау тұрғындарының бірнешеуіне хабарласып, осындай келеңсіз мәселелер бар-жоғын сұраған едік. Олар алғашқыда санаулы оқиғаны естігенімен, қазір еш бас-

сыздықты көрмегендерін айтты. Дегенмен бір мәселе бар. Ол – жемшөптің бағасы.

Маңғыстау облысының Ауыл шаруашылығы басқармасының шілде



XXXII жазғы Олимпиада ойындары ресми түрде басталды

Жапонияның Токио қаласында XXXII жазғы Олимпиада ойындарының алауы жағылды. Олимпиада алауын жағу құрметіне жапон теннисшісі Наоми Осака ие болды.

Салтанатты рәсім Жапонияның 68 мың адам саятын Ұлттық стадионында өткізілді. Дүбірлі дода 23 шілдеде басталып, 8 тамызда мәресіне жетеді. Айта кетсек, Олимпиада 2020 жылы осы уақыт аралығында өткізілуі тиіс болатын. Әлемді жайлаған коронавирус пандемиясына байланысты ол бір жылға кейінге ше-

герілді. Алдын ала мәлімет бойынша, айтулы аламанға жұмыр жер бетіндегі 206 мемлекеттен 11 мыңнан астам спортшы қатысады деп күтілуде. Жарысқа қатысушылардың тең жартысына жуығы әйелдер болмақ. Биыл дүбірлі додада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Олимпиада бағдарламасына бейсбол/софтбол, каратэ, серфинг, спорттық күзға өрмелеу және скейтбординг секілді спорттың бес түрі енгізілген. Олимпиаданың ашылу салтанатына 950 ресми тұлға қатысты. Олардың арасында 15 мемлекет пен халықаралық ұйым басшылары бар. Дегенмен қатерлі індеттен сақтық шара-

ларына байланысты стадионға жанкүйерлер жіберілген жоқ. Былтыр Токио Олимпиадасының бойтұмары ретінде Мирайтова және Сомэйти бекітілген еді. Жапон тілінен тәржімалағанда Мирайтова «болашақ» және «мәңгілік» сөздерінен құралған. Бұл болашаққа қадам басып, әлемдегі барша халықтың жүрегіне мәңгілік сенім орнату деген ойды білдіреді. Ал Сомэйти гүлдеген сақураның сортынан туындаған сөз. Ол қиындыққа мойымай, шекараларды бұзып өтетін паралимпиадашылардың басты бойтұмары болмақ.

А.ЖҰМАШ

Жыл басынан бері 34 мың бала коронавируспен ауырған

Қазақстанда жыл басынан бері 34 мың бала коронавирус жұқтырды. Төртеуінің жағдайы ауыр. Бұл туралы Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғиният мәлімдеді.

«Бүгінде 558 бала стационарда ем алып жатыр. КВИ-мен 13 нәрсесте емделіп жатыр. Жыл басынан бері вирус жұқтырғандар саны өсті. Кейінгі айларда 4,5 есе көбейді», – дейді Ажар Ғиният.

Оның айтуынша, еліміз бойынша төрт бала ауыр халде жатыр. Олар Нұр-Сұлтан, Ақмола, Қызылорда және Жамбыл облысында тіркелді.

Ал жыл басынан бері СҚО мен Нұр-Сұлтан екі бала қайтыс болды.

М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ



айының басында келтірген деректеріне қарасақ, өңірде бір рулон (орам) шөп 12-17 мың аралығында сатылып жатыр екен. Бірақ бұл бағаның өзі өзге өңірлермен салыстырғанда 2-3 есе қымбат. Жол шығыны мен жеткізуін есепке алғанның өзінде, құнның еселеп шарықтауы бір шикіліктің барын көрсетеді. Тапшылық көріп отырған мекен екенін ескеріп, бәзбіреулер бағаны қолдан көтергені анық. Айдың басында белсенділер Ауыл шаруашылығы басқармасынан «шекті баға белгілеп, барлық жерді бақылауға алуды» сұраған еді. Бірақ басқарма шекті баға белгілеуге қауқарсыздық танытқан-дай. Себебі жауап болмады. Ал мал азығын сататындар бағаны қалағанынша көтеруге мүдделі бола бермек.

АРАЛДА АЗҒАН МАЛ КӨП

Төрт түлікке азық таппай, қуаңшылықтан 500-ден астам малы қырылған Қызылорда облысы Арал ауданында төтенше жағдай жарияланғанын білеміз. Ал әкімдік өкілдері аштықтан қырылған малға бір тиын да өтемақы төлемейтін болды. Жалпы, облыста биыл жемшөптің тым қымбаттауы, одан қалды мал азығына бөлінетін субсидияны алудың қиындығы малшыларды әбден тығырыққа тіреген терізді. Аштықтан малымыз өліп жатыр деп ашынған шаруалар облыс әкімінен де бірнеше рет көмек сұрады. Бірақ бірнеше ауданнан облыс әкімдігіне базынасын айтқан малшылардың сауалы жауапсыз қалып жатқандай. Шаруалар биыл

жемшөптің бірден 2 есе қымбаттауына наразы. Тіпті, Арал ауданындағыдай қуаңшылық болмаса да, малдарының аштықтан бұратылып өліп жатқанын айтқан. Мемлекет беретін субсидия да дұрыс бөлінбей, көпшілікті әбден әбгерге салған. Аймақтағы жауаптылар 400 миллион теңгедей былтырдан қалған мал азығының қаражаты әлі төленбей тұрғанын растайды. Ал оны төлеу айналып келгенде Ауыл шаруашылығы министрілігінің пәрменімен жүзеге асады. Демек, министрлік ісінің де шикілігі бар.

Қазір Аралда жемшөп таппай, қуаңшылықтан малдары қырылып, Ақтөбе облысына көшіп кетіп жатқандар бар екен. Әкімдік төтенше жағдай арқылы көмілген су арналары мен ұңғымаларды ашуды жоспарлап отыр. Жемшөп таситын көліктердің жанармайына қаражат қарастырмақ. Айтпақшы, құрғақшылықтан зардап шеккен халық үшін деп «Болат Өтемұратов қоры» 213 миллион теңге бөлен. Бірақ әкімдік осы ақшаны халыққа үлестірмей, арнайы техника мен су ұңғымаларын қазамыз деп отыр. Әкімдіктің бұл ісі құптарлық-ақ. Дегенмен малы әлі де қырылып жатқан халықты ескерусіз қалдырғаны түсініксіз.

Ал жұтқа байланысты жарияланған төтенше жағдайдың қашанға дейін созылатыны әзір белгісіз. Бірақ қуаңшылықтың зардабы биыл бітпейтіндей. Келесі жылы да малшылар әбгерге түсуі мүмкін. Жағдайдың әлі оңалмай жатқанына қарап, осындай байлам жасадық.

«Nur Otan» коммуналдық қызметшілерге МӘРТЕБЕ БЕРУДІ ҰСЫНДЫ



Мемлекеттік және жергілікті басқаруды дамыту тұжырымдамасы, рәсімдік-процестік соттар жұмысының басталуы, сондай-ақ ауыл әкімдерін сайлау. Осы және өзге де өзекті мәселелер «Nur Otan» партиясы жанындағы Азаматтық қоғамды және мемлекеттік басқаруды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысында талқыланды, — деп хабарлайды партияның баспасөз қызметі.

Ауыл әкімдерінің сайлауына «Nur Otan» партиясынан 584 кандидат қатысып отырғаны белгілі. Кеше үгіт-насихат жұмыстары аяқталды. Оның аясында 45 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 228 мыңнан астам үгіт материалы таратылды. Жалпы, 1,2 млн сайлаушы қамтылды.

«Елімізде алғаш рет өткізіліп отырған ауыл әкімдерінің тікелей сайлауына деген халықтың көзқарасы оң. Азаматтардың қызығушылығы жоғары екенін байқап отырмыз», — деді кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Айдоос Сарым.

Өз кезегінде Ұлттық экономика вице-министрі Әлібек Қуанышев жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға сайлаудан өзге, 2025 жылға дейін жүргізілетін мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру ықпал ететінін атап өтті.

«Жергілікті өзін-өзі басқару институтының әлеуетін ескере отырып, «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобасындағы бөлімдердің бірі — қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру, көрме-жәрменкелік қызметті ұйымдастыру, кабірлерге арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу, коммуналдық

қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру мәселелерін шешу жөніндегі қызметтерді аудандық деңгейден ауыл деңгейіне беру», — деді Әлібек Қуанышев.

Сондай-ақ кеңес мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілік әділет жүйесін енгізу туралы тапсырмасын орындау барысын талқылады.

Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі Сот алқасының судьясы Аслан Түкеев айтып өткендей, барлық 17 өңірде және Қаскелең, Семей, Жезқазған, Екібастұз қалаларында мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар (МАЭС) өз жұмысын бастады. Ол жаңа сот органының басты ерекшелігін түсіндірді.

«Азаматтық процестен айырмашылығы, көбіне жауапкер мемлекеттік орган болатын әкімшілік процестерде талапкер жағы әлсіз. Сондықтан әкімшілік соттарда судьяға мемлекеттік органдардан кезінде талапкерге көмектесуге рөсіміз турде рұқсат етілген. Мәселен, судья талап қоюшымен бірге талап-арыз жазады. Қажет болған жағдайда, егер талапкердің өзі объективті себептермен оларды ұсына алмаса, дәлелдемелер жинауға көмектеседі. Ал дәлелдеу

ауыртпалығы толығымен жауапкердің жағына жүктелген», — деді Аслан Түкеев.

Сондай-ақ Жоғарғы Соттың судьясы 1 шілдеден бастап МАЭС-ке 1181 талап-арыз түскенін, оның басым бөлігі жер, салық мәселелеріне, мемлекеттік сатып алуларға және сот орындаушыларының әрекеттеріне қатысты екенін айтты.

Сонымен қатар кеңес мүшелері жұмысшылардың кейбір санаттарына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейтінін алға тартты. Кеңес төрағасы Айдоос Сарым оқу орындарының әкімшілік қызметшілеріне қатысты мәселені көтерді.

«Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғаннан кейін мұғалімдердің еңбек және әлеуметтік жағдайлары айтарлықтай жақсарды. Алайда мектептерде білім ошағының өміріне тікелей араласатын, бірақ өгейін күйін кешіп отырған жұмысшылар бар», — деді ол.

Осыған байланысты Айдоос Сарым заңнамада маңызды мемлекеттік қызмет атқаратын, бірақ мемлекеттік бағдарламаларға қатыса алмайтын коммуналдық қызметшілер мәртебесін бекітуді ұсынды.

«Бір ғана Алматының өзінде ешқандай мәртебесі жоқ 10 мыңға жуық адам бар. Олар қалалық су арнасының, энергосбыт және т.б. қызметкерлері. Мысалы, олар жергілікті бюджетке алу үшін «Отбасы банк» бағдарламаларына қатыса алмайды. Бұл жерде орталық және жергілікті атқарушы органдар тиісті ұсыныстар енгізуі керек», — деді ол.

Отырыс қорытындысы бойынша кеңес мүшелері мемлекеттік органдарға бірқатар ұсыныс әзірледі. Олардың ішінде заңнамада коммуналдық қызметшілер мәртебесін бекіту, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орындау бойынша мемлекеттік органдардың ауқымды рейтингін енгізу және мемлекеттік қызметшілерді оқытуда азаматтық қоғамның әлеуетін пайдалану.

Ерке ЕРҚОҢЫР

Жол жөнделіп, газ тартылды



Жыл басынан бері «Nur Otan»-ның қоғамдық қабылдау бөлмелерінде депутаттар, партия мүшелері — мемлекеттік органдардың басшылары 14 мыңнан астам қазақандықты қабылдады. Өтініштердің 96%-ы бойынша оң шешімге қол жеткізіліп, консультативтік, құқықтық және басқа да көмек көрсетілді. Қалған 4%-ы орындалып жатыр.

Партияның баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, соңғы 2 жылда жарты миллионнан астам өтініш қабылданған, олардың бірінде «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Ақтөбе облысының 24 жастағы тұрғыны Айбек Қосмағамбетовтің өтінішін қарады. Қобда ауданының Талдысай ауылының тұрғыны сол кезде елді мекенде жолдың жоғын айтып, шағымданған болатын.

Бауыржан Байбек өз кезегінде Айбек Қосмағамбетовке депутаттар таяу уақытта өтініс сессияда елді мекендегі жолды жөндеуге қаражат бөлу мәселесін қарайтын айтқан еді.

Партияның баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, «Nur Otan» партиясы Ақтөбе облыстық фракциясының депутаттары өтінішті қарағаннан кейін биыл ауылдағы жалпы ұзындығы 2,6 км болатын екі жолға орташа жөндеу жүргізілді. Ә.Молдағұлова атындағы көшені жөндеуге облыстық бюджеттен 65,5 млн теңге, ал Абат Байтақ көшесіне 140,2 млн теңге бөлінді. Бүгінде асфальт төсеу және жүргіншілер жолдарын жайластыру жұмыстары атқарылып жатыр.

Сонымен қатар партияның баспасөз қызметі азаматтарды қоғамдық қабылдау барысында оң шешім тапқан басқа да бірқатар мәселелерді мысалға келтірді.

Мәселен, «Nur Otan»-ның елордалық филиалына «Қазақ-ауыл» шағынауданының тұрғыны газдандыру мәселесін шешу туралы өтінішпен хабарласқан. Өйткені әуел баста осы ауылдың 150 үйі газ желісін тарту жобасына кірмей қалған. Елорданы және ел

өңірлерін газдандырудың ауқымды жобасына Елбасы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі бастамашы болғанын ескере отырып, партиялық бақылау комиссиясы Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлшевпен тұрғындардың кездесуін ұйымдастырды. Кездесу қорытындысы бойынша жергілікті басқару органдарының өкілдері тұрғындарды «Қазақ-ауыл» шағынауданы газбен қамту желісін тарту үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленетінін, ал жұмыс биылғы төртінші тоқсанда басталатынын айтып сендірді.

Батыс Қазақстан облысында нұротандықтар Орал қаласынан 140 км қашықтықта орналасқан Сырым ауданының Жымпиты ауылы тұрғындарының көлік мәселесін шешуге көмектесті. Осыған орай партиялықтардың араласуымен Жымпиты — Орал бағытында тұрақты автобус қатынай бастады. Бұл ретте мүмкіндігі шектеулі, тұрмысы төмен отбасылардың балалары үшін жол жүру ақысы тегін болды.

Манғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы үйлердің бірінің тұрғындары жарты ғасырдан бері табиғи газ тартуды сұрап келеді. Ғимарат сонау 1965 жылы жатақхана ретінде пайдалануға берілген, ал 90-жылдары тұрғындар отбасын жекешелендіріп алған. Жоғарыдағы мәселесін шешу үшін тұрғындар «Nur Otan» партиясының жергілікті филиалының көмегіне жүгінді. Нәтижесінде, қалалық бюджеттен қаражат бөлініп, тиісті жұмыс жүргізілді. Соның арқасында барлық төртге газ тартылды.

Халықты ойландыратыны — ауызсу

«Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы аймақты дамыту өңірлік қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

«Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы ғимаратында өткен мәжілістің күн тәртібінде партияның сайлауалды бағарламасы бойынша Шымкентте алдағы 5 жылда атқарылатын жұмыстар бойынша әзірленген Жол картасында көрсетілген халықты ауызсумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар мен қабылданған шешімдер талқыланды. Бұл бағытта қалалық Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Абай Ашаевтың есебі тыңдалды.

Жиыныға кеңес мүшелерімен қатар «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының орынбасары, фракция жетекшісі Бекайдар Төлегенов қатысты.



Айта кетсек, «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасына сәйкес алдағы 5 жылға жоспарланған жұмыстардың реті жазылған Жол картасын әзірлеген болатын. Аталған Жол картасында алдағы 5 жылда тіршілік көзін тасып ішетін 42 мың тұрғыны бар 7 елді мекенде ауызсу мәселесін түпкілікті шешу

мақсат етілген. Сонымен қатар суды шекті көлемде ішіп отырған 5 елді мекенде де бұл мәселеге нүкте қою жоспарланған.

Жиын соңында «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы аймақты дамыту өңірлік қоғамдық кеңесі тиісті басқармаға партияның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген осы іс-шаралардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Мемлекеттік мекемелер партия бақылауында



«Nur Otan» партиясы Жамбыл облыстық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы мен партия жанынан құрылған Жұмыспен қамту және әлеуметтік осал топтарды қолдау жөніндегі кеңес мүшелері Сарысу ауданындағы бірқатар мемлекеттік мекемеде болып, зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Аталған іс-шара «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2016-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен партияның Сайлауалды бағдарламасын

іске асыру Жол картасындағы «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау» тармағының аясында орындау бойынша танысу мақсатында ұйымдастырылды.

Жалпы, Сарысуда 300-ге жуық тұрғын қайтарымсыз грант иегері атанып, бүгінде кәсібін дөңгелетіп келеді. Зерделеу барысында жұмысшы топ грант иелерімен кездесіп, жұмыстарымен танысты. Жобалардың басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Кәсіпкерлер бүгінде мүйізді ірі қара, ұсақ мал мен жылқы өсіріп, мал басын көбейтіп жатыр. Сондай-ақ грант алып, тігін және кондитерлік цех ашқандар да бар.

Мемлекет тарапынан мұндай қолдауға ие болған азаматтар алғысын жеткізді.

Бұдан бөлек, жұмысшы топ Сарысу ауданы мен Жаңатас қаласы әкімдігінің және Халыққа қызмет көрсету орталығының мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімділігін зерделеді.

Комиссия мүшелері алдымен әкімдікте болып, ғимараттың 75%-ы ғана талапқа сай келетінін анықтады. Мәселен, пандустар талапқа сәйкес болғанымен, дәретхана мен көлік тұрағы стандартқа сай келмейді. Ал аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығы ғимаратында ерекше жандарға қолайлы жағдай толық жасалмаған. Ондағы пандус жанына қоңырау белгісі қойылмаған және баспалдақта сары жолақтар жоқ. Сондай-ақ мекемеге кіреберісте «Зағип жаяу жүрушілер» жол белгілері орнатылмаған.

Зерделеу соңында жұмысшы топ мүшелері мекеме басшыларына кемшіліктер бойынша тиісті жұмыс жүргізіп, олықлықтың орнын толтыру қажет екенін айтты. Мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптастыру бағытындағы партиялық рейд жұмыстары одан әрі жалғасатын болады.

Жастарды қолдау жалғасады

«Nur Otan» партиясының Ақмола облыстық филиалы жанындағы жастарды қолдау бойынша Қоғамдық кеңес отырысы өтті. Онда «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асырудың Жол картасына сәйкес «Еңбек» бағдарламасы аясында бөлінетін 519 гранттың 260-ы немесе 50%-ы жастарға берілуі тиіс екені айтылды. Сондай-ақ жыныда бүгінде жыл басынан бөлінген 260 гранттың 119-ын немесе 46%-ын жастар алғаны белгілі болды.

Аймақтық индикатордан төмен көрсеткішті 7 аудан — Целиноград, Біржан сал, Зеренді, Бұланды, Бурабай, Шортанды және облыс орталығы Көкшетау қаласы көрсетіп отыр. Сонымен қатар партияның «Жол картасында» көрсетілген жеке бойынша қайтарымсыз грант 800 адамға берілуі керек. Ал жоспарды орындау үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 163,4 млн теңге сомасына қосымша бюджеттік өтінім жасалған.

Ақмола облыстық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының жетекшісі Дина Ахметжанованың айтуынша, «Бастау бизнес» курсынан өткен жастар-

дың ішінде шағын несие алған жастардың үлесі әзірге 30 пайыз болып отыр.

Мәселен, жыл басынан жалпы сомасы 1169,5 млн теңге көлеміндегі шағын несие 247 азамат алған. Жоспарланған 354 микронесиенің 54-ін жастар алуы тиіс. Ал әзірге 13 ауданнан 20 жас жеке кәсіппен айналысу мақсатында шағын несие алған. Бірақ нәтижесі жаман емес. 262 жаңа жұмыс орны ашылған, оның 80%-дан астамы ауылда.

Биыл «Бастау бизнес» жобасының түлектеріне шағын несие беру үшін 386 жобаға 1 543 млн теңге бөлінді. Өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты оқыту қашықтан Атамекен Асадему онлайн платформасы арқылы

жүзеге асырылып жатыр. Биылғы жоспар бойынша «Бастау бизнес» бағдарламасы аясында 1 300 адам оқытулы тиіс. Колдарына сертификат алғандардың 151-і 101,7 млн теңгеге өз жобаларын іске асырды.

Айта кетейік, биыл «Бастау бизнес» жобасына қатысуға Егіндікөл мен Қорғалжын және Жарқайын аудандарынан өтінімдер аз түскен. Оған шалғай аудандарда ғаламтор желісінің нашар болуы бірден-бір себеп болғанын айтты бағдарлама үйлестірушісі. Өйткені оқыту курсы онлайн режимде өтіп жатыр. Жиын соңында өңірлік кәсіпкерлер палатасының жетекшісі Ерғанат Мұсылманбек бұл бағытта партияның қолдауы қажет екенін жеткізді.

Қоқысты сұрыптау да маңызды

Солтүстік Қазақстан облысында биылғы бірінші жартыжылдықта қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мен жою үлесі 14,2 пайызға жетті. Осы және өңірдегі ауаның ластануына қатысты мәселелер «Nur Otan» партиясы жанындағы қоғамдық экологиялық кеңес отырысында талқыға салынды.



Бүгінде қоқысты бөлектеп жинау мәселесі «Радуга» ЖШС-нің көмегімен шешімін тауып жатыр. Кәсіпорын тұрғындар қоқыс тастайтын орындарға 120 контейнер және мекемелер мен ұйымдарға қағаз қалдықтарына арналған 800 экобокс орнатқан.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қалдықтарды түр-түрі бойынша сұрыптап, қайта өңделген полимерден халық тұтынатын тауарлар өндіреді. Бұған қоса қайталама шикізат қабылдайтын сегіз стационарлық және бір мобилдік қосын ұйымдастырылған.

Пайдаланылған сынапты шамдарды лақтыру үшін Петропавлда — 30, облыс аудандарында 49 контейнер бар. Өңірде коқыс жинау, сұрыптау, өңдеу және жою жұмысымен 20 кәсіпорын айналысады. Соның ішінде 11 кәсіпорын қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеумен, 9-ы өнеркәсіптік және медициналық қалдықтарды жоюмен шұғылданады.

Отырыс барысында айтылғандай, биыл «Қызылжар Тазалық» ЖШС-не қарасты Петропавл полигонында коқыс сұрыптау қолға алынды. Әзірге оның қуаттылығы шамалы — жылына 30 мың тоннаға дейін. Сұрыпталған қайталама шикізат «ЛС Петропавловск» ЖШС-не қайта өңдеуге тапсырылады.

Роза ШӘКЕН,

Солтүстік Қазақстан облысы

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Қызметі қымбат ішкі туризм



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) тарихтағы рекордтық дағдарыс туралы мәлімдеді. 2019 жылға қарағанда биыл халықаралық туризм 85%-ға құлдыраған: 460 миллион турист азайды! ДТҰ 2021 жылды «туризм тарихындағы ең ірі күйзеліс жылы» деп атады. Дегенмен осындай қысылтаң кезеңде де ішкі туризм өкілдері нәлі көп ашқаның ақысын сұраудан қымсынбайды. Қызмет сапасы оған сай болса жөн ғой.

Айхан ШӨРІП

КЕҢ ДАЛАМЫЗ – ҚУАТТЫ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ҰЯТТЫ

БҰҰ дерегіне, Қазақстан «ауызша және материалдық емес мәдени мұра объектілерінің саны» бойынша жер-жаһанда 16-орында, «дүниежүзілік мұраның табиғи объектілерінің саны» жөнінен 32-орында, ал «дүниежүзілік мұраның мәдени объектілерінің санына» байланысты 62-орында тұр. Төрткүл дүниеде қыдыратын елін дәл осы тізімдер бойынша таңдайтын туристердің тұтас топтары бар.

Британдық Brand Finance консалтингтік компаниясының бағалауына, коронавирус және әлемдік экономиканың тоқырауынан туындаған барлық проблемаға қарамастан, Қазақстан туристік тартымдылығы бойынша 2019 жылғы позициясын пандемия кезеңінде де сақтап қалды. Оған қоса, қазақ елі «ең жылдам өсіп келе жатқан ұлттық брендтердің бірі!» «Әлемдегі құнды ұлттық брендке айналған елдер» рейтингінде Қазақстан былтыр 100 ел арасында

44-орынды иеленді, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 7 позицияға жоғары.

Ал осының бәрін оқып, қызығушылығы оянып, елге ынтыға, ұмтыла жеткен туристі бізде не күтеді? Біріншіден, сапасы төмен туристік инфрақұрылым, бағасы негізсіз қымбат, қызметі сапасыз қонақүйлер, курорттар, мәдени ойнау-сауық объектілері (Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингі бойынша 127-орында), екіншіден, жете дамымаған, билеті қымбат әуекатынасы (123-орын), үшіншіден, ойқы-шойқы, сапасы сын көтермес жолдар (106-орын), төртіншіден, автомобильдерді жалға беру бойынша компаниялардың жетіспеушілігі, каршерингтің жоқтығы секілді қаптаған проблемаға жолығады.

ІШКІ ТУРИЗМ РЕКОРД ОРНАТУДА

Қазақстанның ЖІӨ-нің құрылымындағы туризмнің үлесі 2019 жылы 6%-ды құраған. 2020 жылы 5,2%-ға дейін төмендеді.

Ресми статистикаға жүгінсек, 2020 жылы Қазақстанға шетелден 2 миллион турист келіп үлгеріпті. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 4,3 есе аз. Жатжұрттық

саяхатшылар ағыны 70-90%-ға күрт кеміді. Биыл ұқсас жағдай қалыптасуда. Отандық туроператорлар мен турагенттер қызметінің кірісі 70-80%-ға құлдыраған. Бірақ әр өңірде жағдай оң не теріс жаққа құбылады.

Былыр 2,9 миллион қазақстандық өзге елдерде демалған. Бұл 2019 жылға қарағанда 3,7 есе кем.

Елімізде екі жылдан бері ішкі туризм дүркірей дамуда. Алайда соған қызмет ететін қонақүйлер бөлмелердің толу деңгейі 17%-ға дейін құлап қалғанын айтып, салық органдарына кірістің жоқтығы туралы есеп беруде. Салықшылар түгіл салаға жауапты Мәдениет және спорт министрлігі де бұл дерекке күмән келтірді және бұл «қонақүйлер мен пансионаттардың көлемді айналымға көшкенін білдіруі мүмкін» деген тұжырым айтты. Пандемияны қалқан етіп, салықтан жалтаруы ықтимал.

Себебі тіпті тарифтері шетелден де қымбат болып келетін Rixos Water World Aktau, Rixos Borovoe секілді бес жұлдызды қонақүйлерде бос орын табу қиын. Еліміздегі танымал санаторийлер мен курорттардан, туристік базалардан алдын ала орын алмасаныз, далада қаласыз.

Дегенмен ресми мәлімет бойынша, туризм саласына тартылған қонақүйлер мен өзге де орналастыру орындары 2018 жылы – 5,5, 2019 жылы 6,3 миллион адамға қызмет көрсетсе, 2020 жылы небәрі 3,6 адамды қабылдағаны туралы ақпарат ұсынаған. Турист орналастыру орындарының келушілерге қызмет көр-

сетуден тапқан табысы 2018 жылы – 103,9 миллиард, 2019 жылы – 120,5 миллиард, ал 2020 жылы 66,9 миллиард теңге болыпты. Аз емес.

Коронавирустың таралуына байланысты шекаралардың жабылуы қазақстандықтарды ел ішінде демалуға итермеледі. Азаматтар қалаларға жақын табиғи демалыс орындарына, ұлттық парктер мен курорттық аймақтарға ағылды. Оның үстіне КВИ-мен ауырғандарға табиғат аясында тынығып, кеуде кере тыныстау жаңа шипа, тәнге дәру екені мәлім. Рас, төтенше жағдай және карантин шектеулері кезінде курорт-шипажайлар да жабылды. Бұл ішкі туристік ағымның дамуына тусу болды. Нәтижесінде, ішкі туристер саны 2019 жылғы 6,7 миллион адамнан 2020 жылы 4,5 миллион адамға дейін, яғни 32,8%-ға азайған.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЖҰЛДЫЗЫ АЗ ҚОНАҚҮЙГЕ «ҚҰМАР»

«Қазақстандықтар қайда демалуды ұнатады?» деген сауалға жауап берсек, ішкі туристердің 21%-ы ұлттық парктерге барған (2019 жылы – 16%). Курорттық ұйымдарда демалғандар үлесі 6%-ға дейін артты (2019 жылы 4,7%). Мұнда да коронавирустың ықпалы байқалады.

Әйткенмен, шетелдік туристермен салыстырғанда ішкі туристер қалтасынан аз қаражат шығындайды. Оның үстіне кейінгі жылдары қазақстандықтардың сатып алу қабілеті төмендеуде: нақты мәнде ақшалай кірістер мен жалақының өсу қарқыны 2014 жылдан бері жыл сайынғы инфляциядан төмен болып, теріс мәнге ие.

Нәтижесінде, өз елімізде демалысын өткізген қазақстандықтардың 50%-дан астамы санатсыз қонақүйлер қызметін пайдаланады. Ал 5 және 4 жұлдызды қонақүйлерді тек 14%-ы таңдайды.

ДЕМАЛУШЫ КӨҢІЛІН БАҒА БҰЗАДЫ

Ел Үкіметі алда ішкі туризмді дамытуға басымдық бермек. Осы мақсатта келесі жылы Kids Go Free тегі іске қосылатын болды. Оған сәйкес, Қазақстан аумағында көмелетке толмаған жолашушылар ұшақтармен тегін ұша алады. Яғни, егер отбасы ішкі туризм өнімі (туржолдама) сатып алса, отандық демалыс орынында тынығып, онда оның балаларын әуемен тасымалдау билетінің құны бюджеттен субсидияланбақ. Мәдениет және спорт министрлігінің жоспарына, алдағы 10 жылда Kids Go Free аясында 550 мың бала қамтылады.

ЖЫЛУ ЖИНАУ – АҒАЙЫНШЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ



Оқушы кезімізде 80-жылдардың басында қорабына қой арқан ГАЗ-52 машинасы тоқтағанын көргеніміз бар. Сөйтсек, бұл көлікпен боранда отары ығып кетіп, көп малшы шығын болған әлдебір қойшыға жылу жинап жүр екен. Жылудың не екенін алғаш рет көріп-білгеніміз – осы.

Дәулет АСАУ

«ЖЕТІ ЖАРҒЫДА» ЖАЗЫЛҒАН ЕРЕЖЕ

Бұл мал баққан халықтың өмір салтында бауырмашылықтың, ағайындықтың үлгісін сипаттайтын бұрыннан келе жатқан дәстүр болатын. Тарихи деректерге көз жіберсек, ол тіпті Тәуке ханның тұсында қабылданған қазақ халқының әдеп-ғұрып заңдарынан тұратын «Жеті жарғы» заңдар жинағында да бар болып шықты. Мұнда «...әртүрлі табиғи апаттан мал мен дүниесінен айырылып, күн көруі қиындап кеткен адамдар қазақ баласынан жылу жинауға хақылы. Жылуды ел болып та, жеке адам болып та жинайды, қандай да түрі болмасын жылу жинау туралы шешімде ел басшылары мен билердің келісімін алады. Егер апат бір адамға, бір ата баласына ғана келген болса, руды ел өз бетімен-ақ көмектесіп, жұтаған адамдарға қарайласады. Ал жоқшылық тұтас

руға келсе, онда амалдың жоқтығынан өзге елдерге барып өтініш жасауға тура келеді. Ел билері көрші алыс-жақын елдердің басшыларынан жылу жинау үшін келісімін алады. Кей жағдайда сыйласуларына қарай көрші, рулар өз бетімен көмек көрсетеді. Қазақ ішінде жылуды кез келген дәулетті қазақтан сұрау айып емес. Жағдайы келіп отырған адам нашарға деп жылу беру «тәңірі алдындағы іс» деп айтылған.

Кеңес үкіметі ескіліктің сарқыны деп қанша айыптағанымен, халқымыздың жылу жинау дәстүрі ол кезеңдерде де үзілген жоқ. Зұлмат заманында біздің жерімізге қанша мындап басқа ұлт өкілдері көшірілген еді. Сонда ұлтына, діліне және тіліне қарамастан, қазақ халқының олармен азық-түлікпен бөлісіп, шаңырағына кіргізіп, орналасуға көмектескені туралы талай айтылып, жазылып жүр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де түрлі табиғи апаттар мен жұтқа ұшыраған өңір халқына тұтас

ел болып көмек көрсету, қол ұшын беру дәстүрі жалғасып келеді.

МАҢҒЫСТАУ МЕН ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗДЫ

Кеше ғана Маңғыстау мен Қызылорда облыстарында қуаңшылық болып, жаппай мал басы қырыла бастағанда халық биліктің нұсқауынсыз-ақ шаруасын тұралаған өңір тұрғындарына бірінші болып өздері көмек қолын созды. Табиғи апаттың салдарынан Маңғыстауда жекеменшіктің қолындағы мал басы – 0,13%-ға, Қызылордада 0,03%-ға кеміген. Тек Маңғыстау облысында 3 мың бас мал шығын болған.

Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрмов биыл бұрынғы болмаған қуаңшылыққа байланысты төрт түлікті жемшөппен қамтамасыз ету мәселесі қиындап, мал басы шығын болғанын айта келіп, одан жапа шеккен жандарға еліміздің түкпір-түкпірін көмек қолын соғандардың көп екенін жеткізді: «Түркістан облысынан бізге бірнеше вагон тегін шөп келді. Оны аудандар мен қалаларда құрылған арнайы штабтар, ерікті азаматтар халыққа бөліп беріп жатыр. Ақтөбе облысынан да кейбір кәсіпкерлер шөп тасымал-

дауда. «КТЖ»ҰҚ»АК жан-жақтан жөнелтілген көмекті тегін жеткізіп беруде» деп мәлім етті. Сондай-ақ әлеуметтік желіде Жамбыл, Қарағанды және басқа облыстардан да шөп тасушылар туралы деректерді көптеп кездестіруге болады.

Әрине, Үкімет те қарап отырған жоқ, облыс басшылығының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп жасаған меморандумы аясында көрші өңірлерден шөп тасу жұмыстары қызу қолға алынды. Жергілікті бюджеттен 1 200 тонна шөп тасымалдауға қаржы бөлінді. Бұл науқанға Үкіметтің резервтік қорынан 1,9 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ өңірлік мекеме-ұжымдар да қалыс қалмай, өз тарапынан тегін жанар-жағармай беріп жатыр.

Маңғыстауда елден бұрын 30 тонна шөпті бірінші болып жеткізген ақтөбелік Балнұр Ермекбаева атты кәсіпкер келіншектің есімі бұгінде көпшіліктің аузында. «Маған «Шопан ата» қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаев Ақтөбе облысынан көмек береміз деген азаматтар көп екенін айтты. Сол істі ұйымдастыру керек еді. Мені жауапты адам ретінде тағайындады. Мен бірден келістім. Шамам жете ме, жетпей ме деп ойланған жоқпын. Ұрыста тұрыс жоқ, күтетін уақыт жоқ, мал қырылып жатыр. Көмек берем деген адамдарға ешқандай уақыт жоқ екенін түсіндірдім. Сөйтіп, біз ол кісілермен ақылдасып, бірігіп жұмысқа кірісіп кеттік. Жолдасым вахтада жұмыс істейтін. Ол кісі үйде болған уақытты пайдаланып, көмек беруші адамдардың қонырауына жауап беріп, кездесіп, қай жерде қандай шөп бар екенін білдім. Біреу 30 рулон, бір кісі 100 рулон, тағы бірі 400 рулон берем деген сияқты қонырау көбейді. Сол кісілердің айтқанын қорыта отырып, көлік іздегіре бастадым. Алғашқы көмек Қобда ауданынан болды. Тимур есімді азамат бір фура шөп беретінін айтты. Маған көлік табу жағы қиынға соқты. Шөп бар, бірақ көлік таба алмай

екі күн жүрдік. Сөйтіп жүріп көлікті де таптық. Серікболсын есімді логистикалық компанияның иесі бізге қол ұшын созды. Бұл шөпті Маңғыстаудағы Шетпе ауданы түсіріп алды. Бұл ешқандай ақшы емес, тегін беріліп жатқан көмек», – дейді келіншек.

Сондай-ақ шымыкенттік Құрмет Талапқазы бастаған топ 10 вагон шөпті Маңғыстауға жеткізіп берді. Оған шөп жинау жұмыстарын ұйымдастыруға талдықорғандық Мұратбек Солтанбай көп көмек көрсеткен. Қарапайым ауыл тұрғындарынан бөлек, ірі кәсіпорындар да байланысқа шығып, көмек ұсына бастаған көрінеді. Одан бөлек, Алматы облысының ауылдары «Сарыағаш жақта шөп бітсе, бізге келіндер» деп дұғай сөлем жолдапты. Ал Шығыс Қазақстанның бір азаматы жалғыз өзі 10 вагон шөп басып беруге дайын екенін айтты, шақырған көрінеді. «Қостанайдағы трактор шығаратын «Еуразия-групп» компаниясының басшылары байланысқа шығып, Сарыағашқа бір тракторды шөп престоитін техникасымен бірге жібергенін айтқан.

ҚАРАҒАНДЫ МЕН АРЫСТА ДА ҚАЛЫС ҚАЛМАҒАН ЖҰРТ

Түрлі апатқа, төтенше жағдайға байланысты халық әрдайым жылу жинап тұрады. Мәселен, 2019 жылы 45 мыңға жуық адам тұратын Арыс қаласында әскери қоймада алапат жарылыс болған оқиғада да қазақ бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, жапа шеккен елге көп болып көмектескен есімизде. Онда да қарапайым қазақстандықтардан бастап, ірі компанияларға дейін Арыс қаласына қол ұшын созды.

Әскери қоймадағы алапат жарылыстан зардап шеккен Арысқа жиналып жатқан демеуқаржының көлемі миллиондап емес, миллиардтап саналды. «Түркістан» қорына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Тұңғыш Президент Кенесі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент

Тарата айтсақ, 2022 жылы 10 мың бала тегін ұшады деп жоспарланып отыр.

Ішкі туристік сала жобаларына 2031 жылға дейін кемінде 1 триллион 473 миллиард теңге инвестиция құйылады деген жоспар бар. Соның ішінде Үкімет 221 миллиард теңге шетелдік инвестиция тартуға ниетті.

БАҒАСЫ ҚАНША?

Бурабай, Балқаш, Алақол, басқа да танымал демалыс орындарында азаматтар бір бөлмелі үйлерді орта есеппен 7-12 мың теңгеден жалға алады. Бұл топпен, не отбасы мүшелерімен түнеше, қолайлы. Ал қонақүйлердің тарифі маусымға байланысты, мысалы туристік базалар мен пансионаттар бөлмелерін маусым және қыркүйек айларында төмен бағаға, шілде мен тамызда қымбатқа ұсынады. Мәселен, маусымда көптеген қонақүй 3 реттік тамақтандыруды қоса алғанда әрбір ересектен тәулігіне 5,5-7 мың теңгеден сұраса, шілдеден кейін баға 9-12 мыңға және одан жоғары өседі.

Осылайша, «жабайы» демалыс та, ұйымдастырылғаны да біраз қалта қағды. 10 күндік демалыс әр адамға 100 мың теңгеге дейін шығын шығаруды талап етуі мүмкін.

Мәселені кемпинг, глемпинг аймақтарын ұйымдастыру шешер ме еді, бірақ карантин шектеуі жағдайында оған тыйым салынған. Мәдениет және спорт министрі Ақтөбе Райымқұлова таяуда Премьер-Министр А.Маминге жазған түсіндірме жазбасында «туристік дестинацияларда 2031 жылға қарай қосымша 22 мың 200 тәсек-орын іске қосылатынын» хабарлады. Қазақстандық туристер ағыны бірнеше миллионға жеткен шақта осынша орынның мардымсыз екені әлден-ақ байқалады. Ішкі туризмді тегеурінді әрі серпінді дамыту үшін біздің шенеуніктерге де, Kazakh Tourism ұлттық компаниясындағыларға да батылдық, амбиция және креативті идея жетіспейтін сияқты.

Жыл өткен сайын ел ішінде демалғысы келетіндер саны артып келеді. Алайда көп жағдайда ішкі туризм өкілдері ұсынатын қызметтің ақысы да, сапасы да азаматтарымыздың көңілінен шыға бермейді. Алыс өзен-көлдерге ойқы-шойқы жолмен жетуге көнетіндер көп. Бірақ демалыс орнында бос бөлмеге екенінің ақысын сұрап, зіркілдеп сөйлей кететін қаншама «қызмет көрсетуші кісі» бар. Мұндай «сервистен» аузы күйгендер келесі жолы амалсыз қымбат та болса шетелдегі курорттарға бет бұрады. Сөй-кесінше, қаржымыз да сол жақта қалады.

Резервтік қызмет армияға не береді?

Қазақстан әскери резерв қызметіне түбегейлі өзгеріс енгізуге бекінді. Шілденің ортасында «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталына жарияланған құжаттан соны ұқтық. Шамамы, көрші-қолаңмен қанша татумыз дегенмен де қуатты армия ұстап, ел басына күн туа қалса, сапқа тұрар ерлердің санын кемітпеуді атқамінерлер жан-жақты ойластырған сыңайлы.

Ардақ СҰЛТАН

Енді әңгіменің тоқтатылуына көшсек, «Ашық НҚА» порталында әдетте түрлі заң, қаулылар мен бұйрықтардың талқыланатыны бар. Сол порталда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне резервтік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасы жарияланған. Сырт көзге әдеттегі көп құжаттың бірі болып көрінуі мүмкін. Алайда резерв қызметін жүзеге асырудың елдің қорғаныс қабілетін арттырудың өзекті екені сөзсіз. Ал тұжырымдамада қабылдана қалған жағдайда 2024 жылдан бастап енгізілетін жаңа ережелер ашық сипатталған. Айталық, тұжырымдамада қазіргі заманғы қарулы жанжалдар әскери сипаттағы қауіп-қатерді ресурстары мықты армия ғана шеше алатыны айтылған. Яғни, жаңа тұжырымдамаға сәйкес, армияның заманауи қару-жарақ және техникамен қамтамасыз етілуінен бастап, қажет кезінде әскери машықтарды игерген азаматтарды әскер сапына мольнан тарту, көлік-логистикалық кешендердің мүлтіксіз жұмыс істеуі, экономиканың ұрыс жағдайына бейімделу қабілетінің сақталуы тәрізді көптеген фактор ескеріледі деген сөз. Дегенмен құжатта экономика немесе инфрақұрылымға емес, адами ресурстарына көбірек мән берілгенін атап өткен жөн. Бір жағынан бұл дұрыс шығар. Қазақстанда бүгінде әскери өнім шығаратын 24 зауыт бар. Оған тамыздан бастап атышулы АК немесе Калашников



Әсеп БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

автоматын өндіретін тағы бір кәсіпорын қосылады. Демек, түнде көру құралдары, байланыс стансаларынан бастап қатардағы атыс қаруына дейін өзіміз өндіреміз деген сөз. Енді тек армияның жеке құрамын толықтыратын адами ресурстарды жетілдіру қалып тұр. Онсыз заманауи сын-қатерлерге төтеп беру мүмкін емес. Содан да болар, еліміз резерв мәселесіне көңіл бөле бастады.

КЕҢЕСТІК ТӘСІЛ ЕСКІРДІ

Негізі, кез келген мемлекет соғыс жағдайында халықты жаппай жұмылдырып, дұшпанға қарсы тұра алады. Жаһандағы барлық мемлекетте дерлік мұндай қадамға мүмкіндік беретін құқықтық негіздер жасалған. Қазақстан бейбіт уақытта Қарулы Күштер сапын сарбаздармен толықтырудың аралас тәсілін ұстанады. Яғни, біздің армияда келісімшартпен жұмыс істейтін кәсіби сарбаздар да, мерзімді әскери міндетін өтейтін жауынгерлер де қызмет етеді. Келісімшарт әскерінің саны әдетте көп өзгере қоймағанымен, мерзімді әскери қызметшілердің саны құбылып тұрады. Кей жылдары 33 мың, кейде 35 мың азамат мерзімді әскери міндетін өтейді. Алайда бұл тәсіл ел азаматтарының ішінде әскери даярлықтан өтпегендер санын азайта алған жоқ. Бұл өз кезегінде резервті әсірлетері сөзсіз. Мәселен, Украинадағы оқиғалар даяр әскери резервтің

болмауы онык жегізетінін көрсетті. Украина әскері сепаратистермен күрес барысында дер кезінде шығынды толтырып, қарапайым болса да әскери машығы бар азаматтармен әскери бөлімдердің жеке құрамын толықтыра алмады. Сондықтан Қазақстанның резервке көңіл аударуы маңызды қадам. Мұны саясаттанушы Асхат Қасенғали да құптап отыр.

«Шешімнің қабылдануына Украинаға жасалған Ресей агрессиясы әсер еткені анық. Себебі ресми Киев дәл осындай ұрысқа қашанда дайын резервтегі әскерінің жоқтығынан, шығысында бірнеше бағытта жанған сепаратизм отын дер уақытында сөндіре алмады. Бұл өзгешелік ежелгі көшпенділердің де өмір сүру салтына сәйкес келеді, заманауи орасан үлкен аумақты сақтап қалу және тыныштығын күзету үшін әр азамат жауынгер болуы қажет. «Соғыс тілемейміз, бірақ оған дайынбыз» принципіне сәйкес», — дейді сарапшы.

Ал енді жаппай жұмылдыру немесе мобилизациялаудың ескірген тұсына тоқталайық. Рас, ел басына күн туа қалса барша азаматтарды атқа қонуға шақыру, шынын

айтсақ ежелгі көшпенділердің тәсілі. Алайда көшпенділер ұдайы соғыс тәсіліне машықтанған, бала күнінен жауынгер болуға тәрбиеленген қауым. Ал кенестік үлгідегі жаппай мобилизациялау кезінде азаматтың әскери дайындығы, белгілі бір дағды мен машықты менгеруі ескеріле бермейді. Әрі жаппай жұмылдыру кезінде жүйелі жұмыс ұйымдастыру да қиын. Оның үстіне заманауи техникалар үстемдік құратын қазіргі заманғы соғыстарда әскери дағдысы жоқ азаматтың ұрысқа салу шығын ғана. Тіпті, Кеңес кезінде солай еді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ешбір әскери жаттығу жасамаған, атыс-шабысты көрмеген, қағаздағы тактикадан басқаны білмейтін тұтастай әскери бөлімдер жойылып кетті. Сондықтан енді ескі тәсілге жүгінудің қажеті жоқ. Екіншіден, жаппай ер азаматтарды жұмылдырған кезде армияның тылын қамтамасыз етуі тиіс кәсіпорындардағы білікті мамандар да алғы шепке кетуі мүмкін. Бұл жағдай әскерді қамтамасыз ету ісіне келергі келтіреді. Білікті мамандар мен ғалымдар бірден алғы шепке жіберілмеуі керек. Сол үшін алды ала резерв даярлаған дұрыс.

ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ ТӘСІЛ МЕН?

Жалпы, әскери резерв даярлау тәсілі әлемнің көп елінде бар. Қазақстан әскерілері бұл жүйесін көшу үшін батыс елдерінің үлгісін

алғанға ұқсайды. Айталық, Швейцарияда ер-азаматтар әскери міндетін өтеген соң ұзақ мерзім бойы запаста тұрады. Әрі бұрын олар армиядан оралғанда винтовкасын үйіне ала келетін. Сөйтіп, 2000 жылдардың басына дейін Швейцариядағы әр азаматтың қосқастан мылтығы болған. Қажет болса винтовкасын асынып, әскер қатарын толтыруы тиіс еді. Рас, қазір азайды, дегенмен сондай тәсіл 50 жылдан қолданылған еді. Әрине, Қазақстан ондай ереже енгізгелі отырған жоқ, бірақ әскери даярлықтан өткен резервистерге жеке қару белгіленіп беріледі. Әскери бөлімдер сабақтар

беріледі. Әскери бөлімдер сабақтар берілуіне мамандар жабықты тоздырмай ұстауға септігі тиетін амал деп бағалап отыр. Тұжырымдамада «Мұндай жағдайда техника, өзін пайдалану ресурсын жойып, тек ұзақмерзімді сақтауда тұрмай, оған қызмет көрсетіліп, тез арада қолдануға әзір тұратын болады» деп жазылған. Ал әскери резервке қатысты құжаттың жалпы мазмұнына келсек, 2024 жылдан бастап азаматтар әскери дайындықтан өтуге шақырылады. Әрине, бірінші кезекте әскери оқу орындарында немесе кафедра-ларда оқығандарға, бұрын әскери қызмет атқарғандарға басымдық беріледі. Ал өзгелер қалауынша қатыса береді. Әскери дайындық мерзімі жылына 60 күннен аспайды, жұмыс істеп жүргендердің жалмақысы сақталып, ал айлықтың жартысын мемлекет өтейді, жұмыссыздарға айына 42 500 теңге төленеді. Соңғы сома 2024 жылға қарай өзгеруі де мүмкін, өйткені ең төменгі жалақы АЕК мөлшері арқылы есептеледі дегендіктен, бұл соманы бекітілген норма деп бағалауға болмайды.

Айтпақшы, әскери резервке түру ұсынысын қабыл алған адам өзін дайындықтан өтетін бөлімшемен 3 жылға келісім жасайды.

Ауыл халқының табысы азайды

Қазір елімізде ауыл шаруашылығы саласындағы табыс орташа айлықтың жартысына да жетпейді екен. Қымбатшылық қысып, агросектордың «тамырына қан жүгірмей» тұрған кезде бұл мәселе де жығылған үстіне жұдырық болып отыр.

Еркеғали БЕЙСЕН

ЕНБЕКАҚЫ 2 ЕСЕ АЗ

Нақты айтқанда, агросектор жұмысшылары табысты елдегі орташа айлықтан 2 есе аз тауып отыр. Ал балық шаруашылығының мамандары тіпті 3 есе аз айлық алатын болып шықты. Сөйте тұра, Қазақстанда ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың саны 9,5 пайыз, яғни 15,3 мың компанияға дейін көбейген. Биылғы алғашқы тоқсанда бұл салаларда 69,5 мың адамның еңбек етіп жүргені анықталды. Олардың 56,6 мыңы өсімдік және мал, аң шаруашылығы саласында екен. Қалған 2,1 мың адам орман шаруашылығы мен ағаш дайындау ісімен айналысса, 0,4 пайызы ғана балық шаруашылығы саласында жүр. Бұл ретте ауыл, орман және балық шаруашылығы саласындағы жұмысшылардың көбі Қостанай (13,2 мың адам), Солтүстік Қазақстан (10,2 мың адам) және Ақмола (8,5 мың адам) облыстарында тіркелген. Қалған өңірлердегі сала мамандары 0,5-6 мың адам аралығында.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінде ең жоғары айлықты орман шаруашылығы мен ағаш дайындау ісі саласындағы жұмысшылар алады. Олардың орташа айлығы — 127,3 мың теңге. Одан кейінгі орындарда бір айдағы орташа табысы 115,9 мың теңгеге жеткен өсімдік, мал және аң шаруашылығы түр. Ал балық шаруашылығының қызметкерлері бар-жоғы 81,1 мың теңге тауып, агроөнеркәсіп саласында табысы жөнінен аутсайдер

болып қалды. Ал мұндай жағдай өз кезегінде сала мамандарының ғана емес, тұтас ауыл тұрғындарың әлауқатына әсер етеді.

Тұрғындардың әл-ауқатына қатысты мәселе Парламент мінберінде де көтерілген болатын. Мәжілісте депутат Айқын Қоңыров қазіргі айлық төлеу жүйесін толықтай қайта қарау керектігін ескертіп, Үкіметтің назарын халықтың шынайы табысы ресми мәліметпен сәйкесе бермейтініне аударды. Оның айтуынша, Үкімет айтып жүрген орташа айлық жалақы мөлшері жай ғана математикалық есеп және елдегі шынайы жағдаймен сәйкес келмейді. Бай мен келдейін арасы күн санап алыстап барады. Табысы төмен, түтіні түзу ұшпайтын тұрғындар мен жоғары жалақы алатындардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қала мен ауыл тұрғындарының табысы да екі түрлі. «Халыққа нақты нәтиже керек, тұрмысының түзелгенін нақты сезінуі тиіс», — дейді депутат.

АУЫЛДАН ЖАСТАР НЕГЕ КЕТЕДІ?

Қазір ауылдан үлере көшіп жатқан жастар өз болашағын қаламен байланыстырады. Өйткені үлкен шаһардың мобильділік, балабақша, мектеп, өкімшілік пен медициналық қызмет бойынша инфрақұрылымы жақсы дамыған. Ал көп ауылдың жағдайы кісі қызығарлықтай емес. Ондай жерде жұмыс істеуге жастарды күштеп көндірудің нәтиже бермесі анық. Сондықтан алдымен ауылдағы жас маманға лайықты жағдай жасалуы тиіс. Шалғай елді мекендерде жана кәсіппен айналысу үшін оларға жеңілдетілген несиелер беріп, мем-



Әсеп БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

лекет тарапынан субсидия бөлулі қарастырылған жөн. Әйтпесе, Білім және ғылым министрлігі ауыл шаруашылығы мамандығын бітіріп шыққан студенттердің 68 пайызы ғана жұмысқа орналасып, қалғаны қаладан өзге саланы тандайтын жеткізді. Ал республика бойынша агросекторға 2 мыңнан астам маман қажет. Фермерлер «ауылда қарапайым техника айдайтын адам жоқ» деп дабыл қағуда.

Мысалы, «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов шекарада кәсіп ашуға барлық жағдай жасалғанын, соған жастар үшін 5 жылға өңірлік бағдарлама қабылдау керектігін айтып отыр. Себебі Ресеймен шекаралас өңірлерде ресейлік облыстар нақты саясат жүргізіп жатқан көрінеді. Олар біздің 9, 10, 11-сыныптарда оқып жүрген, түрлі олимпиадаларда көзге түскен оқушыларды өздерінде оқуға шақырып, жағдай жасай бастаған.

ШЕТЕЛДІКТЕРДЕН ҮЛГІ АЛСАҚ ИГІ

Саясаттанушы Әзімбай Ғали ауылдарда фермерлік шаруашылықтарды дамыту керек екенін

айтады. Америкалық үлгінің ұтымды екенін негізге алған ол, АҚШ-та жалдамалы жұмысшылар Латын Америкасы мен Мексикадан келіп еңбек ететінін еске салды. Сол сияқты бізде де орманқол фермерлерді көбейтіп, индустриялды үдерістерге жол ашудың мүмкіндігі мол. Ал жойылу алдында тұрған ауылдарда кемінде 3-4 фермерлік қожалықты дамыта жеткілікті. Ол үшін олигархтардың меншігіндегі жерлер шаруаларға берілуі тиіс.

Ал «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАК басқарма төрағасы Төлеутай Рахымбековтің айтуынша, жоғары оқу орындарын жыл сайын 5 мыңға жуық түлек бітіріп шыққанмен, солардың ешқайсысы ауылға қайтпайды екен. Сондықтан салаға маман дайындауда мемлекет есе-дінен беріліп жатқан гранттық жүйелен несиелену қолдауы ауысуы қарастыру қажет-ақ. «Польшада университетке қабылданғаннан кейін өтініш беруші, университет, Білім министрлігі мен жұмыс беруші арасында төртжақты келісім жасалады. Оқуды бітіргеннен кейін түлек мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс істеуге мін-

детті. Бізге де осындай жүйе керек. Себебі жыл сайын бюджеттен студенттің оқуына деп қаражат жұмсалып отыр. Егер несиелік жүйеге оқып шыққан түлек ауылға барып жұмыс істеуден бас тартса, несиелік коммерциялық несиелену айналып, оны қайтаруға міндетті болар еді», — дейді ол.

Сондай-ақ неміс экономикалық зерттеулер институты жүргізген зерттеу жұмысы немістердің жыл сайын қаладан көшіп жатқаны туралы түйін жасапты. Бірақ оларда да жастардың туған жеріне тұрақтамауы басты проблема көрінеді. «Ауылдан, әсіресе жастар қашады. Сол себепті мамандар жетіспейді, туу азайды» депті Дрезден Экономика институты зерттеу жұмысының жетекшісі Феликс Рёзель. Ол жақтағы ауыл тұрғындарының өлім санының жоғарылығы сондай, дүниеден озған қарттардың орнын толтыру үшін жастар тарапынан сонша денгейдегі иммиграция қажет екен. Мысалы, Бауцен ауданының 18-29 жас аралығындағы тұрғындарының шамамен төрттен бір бөлігі қалаға кетіп қалған. Олармен бірге кафе бизнесі, шағын азық-түлік, ет

Сол үш жылда ең төменгі айлық көлемінде ай сайын қаржы түсіп отырады. Мұны әлеуметтік жағы деп қоялық. Енді әскери жағына тоқталсақ, резерв жүйесі тұрақты әскери бөлімдердің жеке құрамын арттыруға септеседі. Айталық, әр бригадала резервке бір-бір батальоннан қосуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сын сағатты армияның қосымша күштермен қамтамасыз етудің тиімді тәсілі болмақ. Әрі резервистер «ашық ауыз балапандар» емес, әскери машығы бар жауынгерлер болады.

Қорғаныс министрлігінің өкілі, майор Ғани Нұсіповтің сөзіне қарағанда, мұндай қадамға министрлік түрлі жанжалға талдау жүргізген соң барыпты. «Қорғаныс министрлігі қазіргі заманғы сын-қатерлерге тұрақты негізде талдау жүргізеді. Оларға қарулы жанжал, сонымен қатар авариямен, пандемиямен, экологиялық апатпен байланысты төтенше жағдай жатады. Бұл ретте халықаралық тәжірибе жұмылдыру резервін өрістетуге мен тартудың қысқа мерзімде талап етілуі мүмкін екенін көрсетеді», — дейді ол. Ал сарапшы Асхат Қасенғали әскерді геосаяси қауіптерге даяр етіп ұстау өзекті екенін айтады. Бұл, әрине қорғаныс саласының нығаюына әсер етеді. Неге? Себебі соғыс жағдайында мобилизацияға ұзақ уақыт кетеді. Военкоматта тізім жасау, әскери міндеттілерді шақыру, оларды тіркеу, арнайы дайындықтан өткізу, ұрысқа жіберу. Мұның барлығы кемі бір айлық жұмыс. Ал резервтік әскер бірден әскери бөлімшеге келіп, қаруын асынып, майданға аттанады. Біркүндік жұмыс. Яғни, жылдамдық бар. Ал ұрыста әр минут маңызды екенін ескерсек, бұл өте маңызды өзгеріс екенін түсінеміз. Әрине, мұны жасау барысында батыс елдерінің тәжірибесі ескеріледі. Сарапталып барып қабылданған шешім», — деді А.Қасенғали.

Қысқасы, еліміздің қорғаныс қабілетін жақсарту үшін тағы бір сәтті қадам жасалатын сияқты. Тек заң жобасының тұжырымдамасын талқылауға қоғам тұрмыс белсенді бола қойған жоқ. Дұрысы жобаға ой қосып, пікір білдірсек керек-ті. Кейін заң қабылданған соң байбалам салатын әдегімізге баспасак болғаны. Әзірге бұл — жоба.

дүкендері мен наубайханалар да құрып тұрған.

Нидерландта, керісінше жастарды ауылда ұстау үшін 35 жасқа дейінгі фермерлерге несиелік ең төменгі пайызбен береді. Мемлекеттің қаржылай қолдауынан кейін жас маман агросекторда жұмыс істеуге ниетті. Осы жүйенің арқасында алақандай ғана мемлекет дүниежүзінде ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша 2-орынға шыққан. Сондықтан экономист Рахман Алшанов бізде де ауылдан шығын кәсіпорындар ашып, инфрақұрылымды дамыту қажеттігін алға тартып отыр. Оның айтуынша, байырғы мәдениеті ауыл шаруашылығына, аграрлық өнеркәсіпке тәуелді болып қалған елдерде мұндай үрдістер қызу жүріп жатыр. Оған Аустралия, Бразилия, Жаңа Зеландия елдерін мысал етуге болады.

Айталық, заманауи жетілген, жаңа технологиялармен қамтылған аграрлы Аустралияның 5-7 пайыз тұрғыны тұтас бір елді ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Ал Қазақстанда соңғы санак бойынша ауыл халқының саны 40-42 пайыз шамасында. Жерді латифундистер иеленгендіктен, тұрғындардың 99 пайызы бос жері жоқ көрінеді. Қазір космономоторинг бізде Балтық жағалауы елдеріне пара-пар жердің бос жатқанын анықтап отыр. «Латифундистерге осыны ашып айтатын кез келді. Оны батырып айтуға тиісті орындар қауқарсыз болып отыр. Мемлекеттен «жер жоқ, барлығы жекеменшікте» деген желеуді жиі естиміз. Ал шетелдіктер алатын кезде жердің табыла кететіні тағы бар», — дейді саясаттанушы Расул Жұмалиев. Сол себепті таяу жылдарда ауыл тұрғындарының саны тағы 20 пайызға дейін төмендеп кетуі ықтимал. «Өйтпес үшін мал, егін шаруашылығы, мақта, құрш өсірудегі байырғы дәстүрді жандандыра отырып, ауыл тұрғындарына жерді игеруге толық жағдай жасау қажет», — дейді сарапшылар.

Атырауда індет өршіп тұр

Пандемия басталған жылдан бері Атырау өңірі «Қызыл аймақта» көп «қонақтайтын» болды. Бүгінде Атырауда індет жұқтырғандар саны рекордтық деңгейге жетті.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Элемді құрсауына алған індет Атырау өңірінде наурыз айында өршіп, аз уақыт саябырлап, маусым айында қайта күшейді. Соңғы мәліметке сенсек, Атырау облысында бір тәулікте COVID-19 жұқтырған 500-ге жуық адам анықталды.

препараттың жоғына аландай бастады. Өңірде Науат-Vax вакцинасының бірінші және екінші компоненттерінің жалпы 35 мың дозасы келген екен. Бүгінде бірінші компоненттің 18 551 дозасы және екінші компоненттің 16 449 дозасы игерілді.



— Казір облыстық фармацевтикалық қоймадан Атырау емханаларына екінші компоненттің 220 дозасы жіберілді. 22 шілдеде өңірде препараттың жоғына аландай бастады.

— Казір облыстық фармацевтикалық қоймадан Атырау емханаларына екінші компоненттің 220 дозасы жіберілді. 22 шілдеде өңірде препараттың жоғына аландай бастады.

— Казір облыстық фармацевтикалық қоймадан Атырау емханаларына екінші компоненттің 220 дозасы жіберілді. 22 шілдеде өңірде препараттың жоғына аландай бастады.

— Казір облыстық фармацевтикалық қоймадан Атырау емханаларына екінші компоненттің 220 дозасы жіберілді. 22 шілдеде өңірде препараттың жоғына аландай бастады.

МОБИЛЬДІ БРИГАДАЛАР ҮЛГЕРМЕЙ ЖАТЫР

Атырауда індет асқынғалы тұр. Бұл күнде 375 дәрігер «қызыл ай-

мақта» науқастарды емдеуде. Індет қаһарына мінер болса, резервтегі жоғарғы, орташа және кіші санаттағы 275 дәрігер «қызыл аймақта» науқастарды індеттен құтқару үшін жұмылатын болады.

Казір ауруханадағы 67 науқастың жағдайы ауыр, 11 науқас ӨЖЖ аппараттарына қосылған.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мобилді бригадалар қатарын көбейтіп жатырмыз десе де, науқастар үйлеріне шақырған дәрігерлік көмектің бірнеше сағат бойы келіп болмай, жандары қысылатынын айтып шағымданып жатыр.

Атыраудағы жағдайдың уыстан шығып кетіп, науқастарға көмек беру, оларды бақылау жайына қалғанын әлеуметтік желідегі ашық жазбалар мен пікірлер де куаттай түседі.

Жаңа туған сәбилер анасынан COVID жұқтырмаған Атырауда наурыз айынан бастап модульдік аурухананың инфекциялық стационарында 88 сәби дүниеге келді.

бізді шақырасыз?» дейді. Сөйтіп, екі ортада олардың сырқатты емдеу емес, «менікі емес, сенікі, сенікі емес, менікінің» құрбаны болып жатырмыз. Осының кесірінен бір аптадан астам уақыт болды, бір емдеу шарасы өткізілген жоқ.

ЖАҢА ТУҒАН СӘБИЛЕР АНАСЫНАН COVID ЖҰҚТЫРМАҒАН

Атырауда наурыз айынан бастап модульдік аурухананың инфекциялық стационарында 88 сәби дүниеге келді.

— 88 сәбеге коронавирус инфекциясын анықтау мақсатында жасалған ПТР-тест теріс нәтиже берді.

Ал жуырда облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетовтің төрағалығымен өткен кеңесте өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға қатысты мәселелер қаралды.

Жаңа туған сәбилер анасынан COVID жұқтырмаған Атырауда наурыз айынан бастап модульдік аурухананың инфекциялық стационарында 88 сәби дүниеге келді.

Жаңа туған сәбилер анасынан COVID жұқтырмаған Атырауда наурыз айынан бастап модульдік аурухананың инфекциялық стационарында 88 сәби дүниеге келді.

Атырау облысы

Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Қазір елдегі әңгіме тұркістандық Құрмет Талапқазының малы қырылып жатқан Маңғыстау өңіріне шөп жеткізумен айналысып жатқаны турасында болып тұр.

Арыстың әкімі шөп жөнелтуге кедергі келтірді ме?

Назгул НАЗАРБЕК

Арыс қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Нұрлыбек Досыбай мәселенің қалай болғанын баяндап берді. Құрмет ол кезде Өскемен жақта жүрген. Ал оның жанында жүрген Мұратбек Солтанбай қала әкіміне кіріп, кәсіпкерлерден жиналған бума шөптің 10 мыңға жеткенін, енді 10 вагонды тегін алып беруге көмектесуін сұраған.

Әрбір азаматтың 500 теңге болса да, 1 бума шөп болса да, көмек қолын созуын үндеген. Казір 5 вагондай жиналып қалды.

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – ЖАСТАРДА

(Басы 1-бетте)

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Бүгінде үй кезегінде тұрғандар үшін заңнаманы негізге ала отырып, облыс әкімінің қаулысымен жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар бекітілген.



Бүгінде бағдарлама операторымен шарт жасалып, Құрылыс комитеті әзірлеген типтік жобалық сметалық құжаттаманы қолдану арқылы жүзеге асырылмақ. Осы тәжірибені ескере отырып, Білім және ғылым министрлігі ұсынған жатақхана құрылысы механизмін шенберінде жобаларды іске асыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Екіншісі – құрылыс аймақтың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары есебінен жүргізіледі. Аталған жоба аясында өңірдегі «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ тәрізді ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары атсалысады.

жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде тұрғын үй бөледі жандандырса деймін. Жеке инвестицияларды тарту есебінен жатақханалар салуды баламалы жету жолдарын қарастыру керек.

Жоспарды дайындау кезінде қала және аудан әкімдері осы санаттағы азаматтарға бөлінетін тұрғын үй саны туралы жоспарлы көрсеткіштерді ұсынды. Ал бұл жоспар 3 жыл ішінде орындалуы керек, — деді Қарағанды облыстық Жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысы Біржан Әлімжанов.

Екіншісі – құрылыс аймақтың ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары есебінен жүргізіледі. Аталған жоба аясында өңірдегі «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС, «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ тәрізді ірі өнеркәсіптік кәсіпорындары атсалысады.

жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде тұрғын үй бөледі жандандырса деймін. Жеке инвестицияларды тарту есебінен жатақханалар салуды баламалы жету жолдарын қарастыру керек.

бойынша үй кезегінде тұрған 1 569 азаматқа баспана кілті берілген. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен (1091) салыстырғанда 31%-ға артық.

Облыстық ЖРО-да 35, ал қала мен аудандарда 167 қызметкер жұмыс істейді. Өңірлердегі ЖРО штаттарын жасақтауда теңгерімсіздік барын да жасырмады басқарма басшысы.

ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНА ҚОЛДАУ КЕРЕК

2020 жылы қалалар мен аудандардағы «жастар ресурстық орталығы» 624 057 мыңнан астам жасты қамти отырып, 3096 мыңнан астам іс-шара өткізген.

«Проблемалық мәселенің тағы бірі — жастар саясаты саласын қалдық қағидаты бойынша қаржыландыру тәжірибесіне қатысты. Бірқатар аймақта ЖРО-ы тиісті үй-жайларға орналастыру, материалдық базаны жабдықтау мәселелері әлі күнге дейін шешілмеген.



Алакөлде індет жоқ па?

Елде жаппай вакциналау жүріп жатқанда отандық жұлдыздар демалыс орындарында концерт беріп жүр. Сонысымен олар жұртты сахна алдына көп жинап, індеттің таралу қаупін арттыруда.

Алакөлдегі демалыс орындарының бірінде таяуда өткізіліп жатқан Нұрболат Абдуллин халықты жинап, концерт берген еді. Одан кейін Мәдина Сәдуақасова мен Ғазизхан Шекербековтерде Instagram желісіндегі парақшаларына концерттен видео жүктеп отыр. Ал былайғы жұрт олардың бұл әрекеттеріне наразылық танытуда. Өйткені видеодан демалушылардың әлеуметтік қашықтықты, бетперде режимін сақтамағаны көрінеді. Кеше Қайрат Нұртас та парақшасына концерттен видео жүктеп, «Алакөл, рақмет!» деп жазып қойыпты. Енді олардың

пандемия кезінде демалыс орындарында мұндай ауқымды іс-шара өткізуге қатысып жүргенін көрген қазақстандықтар жұлдыздар мен концерт ұйымдастырушылардың бұл әрекетіне әртүрлі баға беруде. «Екі метрлік арақашықтық сақталмапты», «Құрбан айтта Айт намазын оқуға тыйым салып еді, мынаны қалай түсінуге болады», «Алакөлде індет жоқ па?», «Елді қинап вакцина салдырып жатыр, ал мына жерде вирусқа орын жоқ қой» деп жазды олар.

Н.ҚОСАЙ

Қазақстандықтың жеке мәліметтері жария болды

«Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның KZ-CERT компьютерлік оқиғаға әрекет ету қызметі жүргізген мониторинг барысында Telegram қолданушыларының 744 мың жазбасы сақталған файл желіге тарап кеткені белгілі болды.

Онда 30 мыңнан астам қолданушының ID, аты, тегі, телефон нөмірі, «өзі туралы» деген бағандағы сипаттамасы жазылған ақпарат бар. Алаяқтар бұл ақпаратты «Құдайдың көзі» деп аталатын платформаға сұраным жіберу арқылы иеленген. «Telegram-арна авторы қолданушылар туралы жеке мәліметтер жинақталған файлды «Құдайдың көзі» деп аталатын клиенттер базасынан құралған платформа ретінде сипаттайды. Бұл платформаға азаматтар сұратым жіберіп, желі қолданушы-

ларының жеке мәліметтерін ала алады. Сондай-ақ мессенджерлер де дерексіз болуы мүмкін» делінген «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ хабарламасында.

Бүгінде ТМД-да бұл қызмет түрін 1 миллионнан астам адам пайдаланады. Деректердің бұлай желіде тарауы алаяқтардың қолына түсуі мүмкін екенімен қауіпті. Олар жеке мәліметтерді телефон арқылы банктер азаматтардың ақшасын өзіне аударып алу үшін пайдалануы мүмкін.

Н.ОРАЗҒАЛИ

Жаяу 777 шақырым

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне орай қарағандылық продюсер Асхат Қажытай бас-аяғы 777 шақырымды құрайтын жаяу марафонға аттанды.



Ол 12 күн ішінде Ұлт ұясы — Ұлытауға дейін жаяу жетуге ниетті. Жол бойы Сарыарқаның көрікті жерлері мен киелі орындарына соғып, әлеуметтік желілерде олардың туристік әлеуеті туралы әңгімелеп бермек. Марафон аяқталған соң өзінің саяхаты туралы бейнеролик жасап шығарып таратпақ. Бұл сапарын ол өлкенің қызықты жерлері мен адамдарының тұрмысына арнап, өзі секілді қыдырып келуге шақырып, өңірдегі туризмді дамытуға көпшіліктің назарын аударғысы

келеді. Бұл жаяу жолының алғашқы марафоны емес екен. «Өткен жылы мен өз командаммен бірге Қарағандыдан Ақсоранға дейінгі 333 шақырымды жүріп өттім. Бақытымызға орай, бізде қонақжай адамдар жетерлік. Біз әрқашан түнейтін орын тауып, қонып отырдық. Бұл жолы мен Ұлытауды таңдадым, себебі ол өзінің туристік әлеуетімен бірегей. Бұл сапарымды «Қайырымды километр» қайырымдылық акциясы аясында өткізіп отырмын» деп атап өтті Асхат Қажытай.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Токио Олимпиадасында кімдерге үміт артамыз?

Жапония астанасы Токиодо XXXII жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ең өкініштісі, бұл сәтті жаңкүйерлер алаңда отырып көре алмады. Телекөрсетімдер ту алып шығу сәтін, оташу және ашылу салтанатының өзге де бағдарламаларын теледидардан тамашалады.

Абылайхан ЖҰМАШ

Аренаға бірінші болып Грекия, ал соңғы болып Жапония құрамасы шықты. Аталған рәсімде Қазақстан құрамасы сапынан боксшы Қамшыбек Қоңқабаев пен жеңіл атлет Ольга Рыпакова Қазақстанның мемлекеттік Туын ұстау мәртебесіне ие болды.

Айта кетейік, спорттық жарыстар ашылу салтанатынан бұрын басталып кеткен болатын. Әсіресе, командалық ойын түрлеріндегі спортшылар жарыс жолына шығып, сынға түсті. Атап айтқанда, софтболдан Жапония әйелдер командасы Аустралияны айқын басымдықпен жеңді. Кездесу 8:1 есебімен аяқталды. Сондай-ақ ерлер және әйелдер командасы арасындағы футбол бәсекесі де салтанатты ашылу рәсімінен бұрын басталып кетті.

Токио Олимпиадасының алғашқы жарыс күнінде садақ атудан ерлер мен әйелдер арасындағы іріктеу кезеңі аяқталды. Ерлер арасындағы сында Қазақстан командасы өнер көрсетіп, 70 метрден нысана көздеу бәсекесінде Денис Ганькин алғашқы ондыққа енді. Ганькин 669 ұпай жинап, 64 спортшының ішінде 9-орын иеленді. Ал Ильфат Абдуллин жарысты 27, Санжар Мұсаев 52-орынмен аяқтады. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша келесі айналымдағы спаррингтік жұптар анықталады. Қазақстандық Ильфат Абдуллин Ұлыбритания өкілі Джеймс Вудгейтке қарсы шығады. Денис Ганькин Египет намысын қорғайтын Юсуф Толбамен өзара мықтыны анықтайды. Санжар Мұсаев қытайлық Дапег Вангпен 1/16 финал жолдамасына таласалы. 26 шілде күні өтетін командалық сында Қазақстан Үндістан құрамасымен кездеседі.

Академиялық есу спорты бойынша да ерлер мен әйелдер арасындағы іріктеу сыны басталды. Қазақстан командасының өкілі Владислав Яковлев іріктеудің бірінші айналымын үшінші орынмен аяқтады. Оның уақыт көрсеткіші — 7:10.08. Енді Владислав 30 шілдеде ширек финалда өнер көрсетеді.

Жалпы, жарыстың ашылу салтанаты өтпестен бұрын бірқатар спорт түрінен жеребе тарту рәсімі аяқталып үлгерді. Атап айтқанда, теннистен, үстел теннисінен, дзюдодан, бокстан және өзге де бірқатар спорт түрінен жеребе тартылды.

Біз осы ретте спорт мамандарынан отандық спортшылардың Олимпиададағы қарсыластары, әлемдік жарыста жүлде алуға мүмкіндігі туралы сұралдық.

— Жеребе жеңіл түсті деп айта алмаймын. Біреуінің жолы болды, біреуіне сәттілік жетпеді деуге де әлі ерте. Тіпті, жарысты екінші



айналымнан бастайтын боксшылардың да қарсыластары қарымды. Олимпиадада жеңіл жекпе-жек болмайды. Мәселен, Левиттің қарсыласы — түбі кубалық саналатын Испания өкілі. Егер оны жеңетін болса, Ла Круспен кездеседі. Жалпы алғанда, Василийдің дайындығы жақсы. Соңғы жарыстарда жіберген бірқатар кателігінен сабақ алды. Қамшыбек өзбекстандық Баходир Жалоловпен өткен кейінгі кездесуінде жеңіліп қалды. Десе де, біз Қамшыбекке сенеміз. Мынау жүлде алады деп айту ерте. Финалда дейін әлі бірнеше жекпе-жек бар. Сондықтан бәрі боксшы-

күтеміз. Олимпиадаға бәрі жүлделі оралу үшін барады. Рядец қыздар арасындағы жалғыз үміт артып отырған боксшымыз. Қолаға ілінсе жақсы болушы еді. Сайдың тасындай іріктелген кіл мықтылар өнер көрсететін жарыста басқа спорт түрінен де жүлде күтеміз. Әр спортшының жеңісіне қуанғалы тұрмыз. Нақты кімнің алтын алатынын болжап айтудың өзі қиын. Өзім Рыпакованың өнерін жоғары бағалаймын. Ауыр атлеттеріміз де жүлдеге қол созса дейміз. Жүзуден де Баландинге сенім артамыз. Каратешілер мен таэквондошылар да байрақты бәсекеде қарап қалмас.



лардың өздеріне, дайындығына тікелей байланысты болады, — деді бокстан Қазақстан командасының бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев.

Ал бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бұрынғы бас бапкері, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Тұрсынғали Еділов:

— Бокстан бір-екі алтын алсақ та біз үшін жақсы нәтиже болмақ. Боксшылардың жалпы дайындығы жаман емес. 69 келіде Абылайханға сенім артып отырғандар көп. Бекзат, Қамшыбек, Левит үшеуі де алтыннан басты үміткерлер санатында. Әбілхан Аманқұлдың қарқыны күшті. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» дейді ғой. Көп нәрсе төрешілердің де төрелік етуіне байланысты болмақ. Бәрінен бұрын боксшыларға бірінші кездесулерін сәтті өткізу маңызды. Өзге спортшылардан да жүлде

Еліміздің атынан сынға түсіп жатқан спортшылардың Токиодан олжалы оралуына тілектеспін, — дейді білікті бапкер.

Дзюдодан Токио Олимпиадасының жеребесі тартылған соң бас бапкер Ғалымжан Жылғелдиев те пікір білдірді.

— Кейбір салмақтарда жеребе жолдас болмағанын мойындау керек. Дегенмен бұл Олимпиада ойындары, сондықтан осал қарсылас болмайды. Ойынға әлемнің ең мықты спортшылары келді, бәрі де тарихта қалып, жүлде алуды мақсат еткен. Сметовтің тобы онай емес. Жапония, Грузияда балуандар бар, жеңіл болады деп айта алмаймын. Әр салмақта өте мықты спортшылар кездеседі. Біз бәріне қарсы дайындалдық, олармен талай белдескенбіз. Бастысы, біздің балуандар белдесуге тас-түйін дайын, — деп жауап берді бапкер.

Қолөнер курсы ашылды

Қолөнершілерді қолдау және дамыту мақсатында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі бірлесіп, Born Nomad жобасын бастады.

Жоба бизнес бастағысы келетін немесе қолөнер саласында жұмыс істегісі келетін шеберлерге арналған. Курсты аяқтап, тестті сәтті тапсырған қатысушыға сертификат беріледі.

Курс авторы — 17 жыл еңбек өтілі бар халықаралық кеңесші, бизнес коуч және Aika Alemi брендінің авторы әрі дизайнері Айка Алемі. Еске салсақ, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты аясында 30 үздік жобаға 3 миллион теңгеден берілетіні туралы хабарлаған едік. Өтінімдерді қабылдау 19 шілдеден 20 қыркүйекке дейін жалғасалды.

Нұрлан СӨРСЕНҒАЛИҰЛЫ



NM AIQYN
NUR MEDIA

Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (727) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayaeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет айтасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3965
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 кіші 114